

Алаяқтық микрокредит: Не істеу керек?

Атыңызға алаяқтық микрокредит рәсімделді ме?

Не істеу керек — қадамдық нұсқаулық



1. Кредиторға шұғыл хабарлаңыз



- ✓ Банкке немесе МҚҰ-на қоңырау шалыңыз немесе жазыңыз
- ✓ Шотты және қосымшаға кіру мүмкіндігін бұғаттаңыз
- ✓ Өтінішті тіркеңіз (күні мен уақытын жазып алыңыз)
- ✓ Өтініштің тіркелгені туралы растама алыңыз

2. Барлық дәлелдемелерді сақтаңыз



- ☰ СМС хабарламалар мен растау кодтары
- ☎ Қоңыраулар мен хат алмасулар (мессенджерлерді қоса алғанда)
- 🔔 Кредитордың хабарламалары
- 📄 Шот үзінділері мен ақша аударылған реквизиттер



Скриншоттар жасап, көшірмелерін сақтаңыз

3. Полицияға жүгініңіз



- 🌐 eGov порталы арқылы
- 🖥️ e-Otinish жүйесі арқылы
- 📍 Немесе тұрғылықты жеріңіз бойынша полиция бөлімшесіне жеке барыңыз



Өтініш тіркелген соң, алаяқтық дерегі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталады

4. Процестік құжатты алыңыз



Бұл келесі құжаттардың бірі болуы мүмкін:

- жабірленуші деп тану туралы қаулы немесе
- полицияның ұсынысы



Құжатты кредиторға өткізіңіз.



Микрокредит бойынша өндіріп алу жұмыстары 3 күнтізбелік күннен кешіктірілмей тоқтатылады

5. Микрокредитті есептен шығаруға бола ма?



Алаяқтық дерегінің өзі микрокредиттің автоматты түрде жойылуын білдірмейді.

Есептен шығару келесі жағдайларда мүмкін:

- ✓ алаяқтық дерегі дәлелденсе
- ✓ кредитор тарапынан заң бұзушылықтар анықталса



Соттан тыс есептен шығару:

Егер заң бұзушылықтар айқын болса, кредитор қаржылық жөюға, ақшаны қайтаруға және несие тарихын жаңартуға міндетті.



Сот арқылы есептен шығару:

Егер заң бұзушылықтар дәулы болса, шешімді сот қабылдайды.

6. Маңызды ақпарат



Егер микрокредит коллекторларға берілсе — оларға қылмыстық іс пен процестік құжат туралы хабарлаңыз.



Егер кредитор немесе коллектор әрекетсіз отырса — реттеуші органға жүгініңіз.



Егер полиция әрекетімен келіспесеңіз — e-Otinish арқылы немесе прокуратураға шағым түсіріңіз.

Құқығыңыз бен деректеріңізді қорғаңыз!

Несие беруші әрекет етпесе не істеу керек?



Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне (ҚНРДА) e-Otinish арқылы хабарласыңыз.



Полиция

eGov.kz / e-Otinish.kz немесе тұрғылықты жеріңіздегі аумақтық органға жеке түрде (фронт-офис: +7 7172 71 46 93)



ҚНРДА

e-Otinish.kz/ Өтініш беру/ҚНРДА (call-ортақ: +7 727 237 10 00)



Прокуратура

e-Otinish.kz/ Өтініш беру/Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы (call-орталық: 115 (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін))

Байланыс және пайдалы сілтемелер